

Р.А. Тоқатов*, М.Т. Акимжанова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(E-mail: tokatov77@mail.ru; makimzhanova@inbox.ru, ID: 57204332730)

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме-дәлдігі туралы

Мақала заңнамалық актілерді мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты құқықтық техникамен байланысты мәселелерді талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты заң шығару техникасының теориялық ережелерін және азаматтық заңнаманың мемлекеттік тілдегі мәтіндерін талдау және соның негізінде құқық нормаларының аудармасындағы қателерді анықтау, заңнамалық актілердің қазақ тіліндегі мәтінін сапасыз аудару мәселелерін айқындау, заңнамалық актілерді мемлекеттік тілде әзірлеу кезінде заң техникасын жетілдіру жөнінде қорытынды жасау болып табылады. Зерттеу барысында азаматтық заңнама саласындағы нақты олқылықтар мен қайшылықтар анықталды, заң техникасының ережелерін дұрыс қолданбау жағдайлары сипатталды. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы заң шығару практикасындағы қазақ тілінің беделін арттыру мақсатында авторлар орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген ережені алып тастауды ұсынған. Сондай-ақ, жалпы қабылданған, біркелкі және тиісті түрде рәсімделген заң терминдерін қамтитын бірыңғай заңды терминологиялық сөздікті енгізуді қарастырған. Теориялық көзқарастар мен авторлардың айтқан ескертулерін талдау арқылы, құқық нормаларын қазақ тіліне дұрыс аудару нұсқалары және нормативтік құқықтық актілердің мәтінін қазақ тіліне аудару бойынша заң техникасын жетілдіру жолдары айтылған. Зерттеу нәтижелері жаңа және бірегей болып табылады, авторлық ұстанымы негізделген және қызметі заң жобаларына мемлекеттік тілде лингвистикалық сараптама жүргізумен байланысты қызметкерлер үшін қызығушылық тудырады.

Кілт сөздер: заң техникасы, азаматтық заңнама, азаматтық құқық, қарама-қайшылық, құқық жүйесі, заңның үстемдігі, қазақ тілі, Азаматтық кодекс, қолданыстағы құқық, сөздік, дәйектілік.

Kipicne

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мемлекеттік тілдің заң саласындағы қолданыс аясымен мәртебесін қарастыру арқылы қазақ мәтініндегі азаматтық заң саласы нормаларының дұрыс қалыптастырылуын зерттеу болып табылады. Мақалада азаматтық құқық саласындағы заңнамалық актілердің мазмұнын қазақ тілінде қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Көтеріліп отырған мәселе қазақ тілінің заң аясындағы қолданысының келте тұстарын анықтап, сол түйінді шешуге бағытталады. Зерттеу мақсаты мемлекеттік тілдің заң жобаларындағы қолданыс аясының тарылуына деген заң танушылардың ойларын зерделеп, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстегі емле қателеріне етене назар аудара отырып, олардың қате кемшіліктерін талдау. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі заңдық техника ережелерінің сақталмауын анықтай отырып, қателіктерді айқын ашып көрсету. Қазақ тілінің заң саласы аясындағы мәртебесін көтерумен, толыққанды аударма жасалу мәселесінің шешімін тауып, заң актілерінің мемлекеттік тілде жазылуына үлес қосу мақсатымыз және осы салада жіберілген қателіктерді зерттеп, тиісті ұсыныстар жасау. Мақсатқа жету үшін мына мәселелерді ашып, нақтылау және түсіндіру зерттеу міндеттері алға қойылып отыр. Қолданыстағы азаматтық заңдардың сапасы көбінесе оны қалыптастыруда қолданылған ондағы заңдық техниканың деңгейіне, заңдық актідегі нормативтік ұйғарымдардың нақтылығына байланысты. Орыс мәтінінде қабылданған азаматтық заң саласы нормаларының аудармасы сын көтеретіндей қалыптастырылуы заңдық актілердің сапасына зор әсер етеді, ал оған заңдық техниканың тиісті ережелері мен әдістері арқылы қол жеткізіледі. Әрекет етіп отырған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі орыс мәтінінен қазақ мәтініне аудару салдарынан үйлесімсіз қателерге толы. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің кейбір баптарында сөздер, сөйлемдер дұрыс аударылмаған, соның себебінен толық баптың мағынасы өзгеріп, құқық қолдану тәжірибесінде қайшылыққа толы өзінің кері салдарын туғызуда. Заң техникасы бойынша

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tokatov77@mail.ru

талаптар құқық теориясы мен әдіснамалық, нормативтік-құқықтық негіздерімен бірауыздан бекітілген болса да, азаматтық кодекс нормаларын қалыптастыруда бұл ережелер сақталмаған.

Зерттеудің нақты мақсаты азаматтық заң саласында заңдарды қалыптастыруға әмбебап үйлесімділікті қамтамасыз ететін тетікті қалыптастыру негізгі мақсат болып табылады. Заң шығармашылық іс-әрекетін дамытудың басты жолдарының бірі заңдық техниканың жетілген тетігін қалыптастыру болып табылады, егер мұндай тетік тәжірибеде өз қолданысын таппаса, қолданыстағы ережелердің объективтілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, ол заңдарды құқық қолдану тәжірибесінде пайдалануда етене қиындықтар туғызады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы қарастырылған мәселе бойынша материалдар мен дәйектерді жинақтап, жүйелеп және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодекстегі ережелердің сапасы мен заң техникасы талаптарына сәйкестігін тыңғылықты қарастырылуына байланысты болып отыр.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы бұл зерттеудің материалдарын заңгер оқытушылар, студенттер мен ізденушілер, тікелей тәжірибемен айналысатын заң аясының мамандары өз тәжірибелерінде қолдана алатындығында. Сонымен қатар, зерттеу дәйектері мен нәтижелері, ұсыныстары заңшығармашылықты жетілдіру тәжірибесіне де оң үлесін қосары сөзсіз.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу әдістері ретінде сәйкес ғылыми-теориялық, нормативтік-құқықтық актілердегі, мемлекеттік бағдарламадағы құқықтық актілерді рәсімдеу тәсілдерінің, талаптары мен қағидаларының жиынтығына қатысты талдау, топтау, жалпылау, жүйелеу, салыстыру, индукция және дедукция қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық және материалдық негізі ретінде С.Ш. Оразалинов, М.А. Айымбетов, Б.К. Бодаубай, Ө. Ақыпбекұлы, Ю.А. Тихомиров, Н.А. Власенко, В.Б. Исаков, С.В. Кузнецов сияқты отандық және шетелдік ғалымдардың, ізденушілер мен тәжірибе мамандарының, заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған мемлекеттік бағдарлама мен әрекет етуші заңнама ережелеріндегі тұжырымдар алынды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасы егемендігінің отыз жылдық қарсаңында ел егемендігін негіздейтін басты құралдардың бірі отандық қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асыратын заңдар мәселесі аса елеулі жағдайлардың бірегейі болып табылады. Себебі қоғамдағы қалыптасатын қатынастар жан-жақты әрі нақты реттейтін заңдармен қамтылған болса онда, қоғамдық қатынастар нақты әрі әділ реттеледі. Осы орайда басты зерттеуге алып отырған мәселе қоғамдағы азаматтық қатынастардың құқықтық реттелуі және оны реттейтін азаматтық заң саласының жалпы жағдайы мен қазақ тілінде қалыптастырылатын нормалардың сапасын зерделеу қазіргі таңның елеулі мәселелерінің бірі болып отыр. Елдің тәуелсіздігі алдымен қоғамдағы ұлттық негізді қалыптастыратын үш басты мәселемен тығыз байланысты. Оларға біз: тіл, діл және дінді жатқызамыз. Бұлар қай заманда болмасын ел егемендігі тізгінінің басты құралы болып табылған. Осылардың ішінде бастысы тіл аса маңызды орын алады, себебі тіл дұрыс болса діл дұрыс болады, ал ділі дұрыс елдің діні дұрыс болады. Осы үш элемент елдің болашағының негізін қалыптастырушы басты құралдар санатына жатады. Егер осылардың мемлекетімізде дамуын дұрыс жолда ұстасақ болашақ жарқын болары ақиқат. Бұл үшеуінің ішінде негізгі біздің көңіл бөлгелі отырған мәселеміз ол тіл мәселесі. Отыз жыл егемендігімізге жетсек те, қазақ тілі мәселесі әлі де көкейкесті мәселелердің бірегейі болып отыр. Өз елінде өгей болған қазақ тілі қазіргі таңда қарын аштыратын мәселелердің бірегейі екендігі сөзсіз шындық. Отыз жылдық егемендік алғалы парламент қабырғасынан не бәрі екі ғана заң қазақ тілінде қабылданған, атап айтсақ, «Халықтың көші-қоны туралы» (1997) және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңдары (2002) [1].

Сонымен қатар, бізде көп заңдар орыс тілінде қабылданып, олар қазақ тіліне аударылады, ал аударма сапасы сын көтермейді. Халық арасындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші басты құрал болып заң табылады. Егер осы заңдар сауатсыз қабылданып, үнемі қайшылықтарға толы болса, оны қолданушы адамдар мен олардың арасында қалыптасатын қатынастар шиеліністерден бас көтертпейтін болады. Заңгер мамандардың басты қазіргі таңдағы мәселелерінің бірі болып қазақ тілінде қалыптастырылған заңдарды түсіну мен түсіндіру болып табылады. Егер басшылыққа алынатын заңдардың өзі қате жазылатын болса, онымен қандай қатынастарды реттеп жарытамыз деген сұрақ туындайды.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылдың 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал 3-ші тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» делінген [2]. Олай болса біз зерттеуге алып отырған азаматтық құқық саласын реттейтін Азаматтық кодекске көз жүгіртіп көрелік. Соның негізінде бұл талаптардың яғни қазақ және орыс мәтіндегі аударылымдардың теңтүпнұсқалығы қаншалықты сақталғанын анықтаймыз.

Заң саласындағы аударма мәселесіндегі елең еткізер қателіктер аз емес, солардың бірі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Жалпы бөлімінің 6-бабы. Бұл бап «Азаматтық заң қалыптарының түсінілуі» деп аталған, алайда дәл осы кодекстің орысша баламасында «Толкование норм гражданского законодательства» деп көрсетіледі, бұл жердегі көзге оттай басылатын қателік «норма» сөзінің қазақша аудармасын «қалып» деп аударған [3]. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 1-бабының 18-тармағында «құқық нормасы» сөзіне «реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жеке-дара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» деп түсініктеме береді [2]. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде «норма» сөзіне қазақ мәтініндегі аудармада «қалып» деген сөзбен аударылмаған. «Қалып» сөзі жалпақ әдеби тілде белгілі бір мағына берсе, ресми заңды іс қағаздар тілінде түсініксіз әрі ерсі көрінеді. Сол себепті аударудың жөні осы екен деп жаппай барлық сөздерді аударма бергенде дұрыс емес деп ойлаймыз. Әсіресе, шет тілінен кірген кірме сөздерді аудармай, сол бетінде қалдырған жөн де есептейміз.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Жалпы бөлім) 24-баптың, 34-баптың 5 тармағында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер» немесе «заң құжаттары» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында кодекстің толық мәтіні бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес «заңнамалық акт» деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар [4; 160].

Азаматтық кодекстің 42-бабының 6-тармағында қарастырылған «рыноғының» деген сөзді үйлесімсіз деп есептейміз. Қ. Бектаев еңбегінде «рынок» сөзі «нарық» деп аударылады [5; 637]. Тиісті өзгерістерді «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында қолдану жөн деп санаймыз [6].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің көптеген баптарында «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «адам» деп аударған, бұл азаматтық құқықтық доктринасы тұрғысынан қате болып есептеледі. Мысалы: орыс мәтіндегі: «Өкілдік» туралы 163-бапта «Сделка, совершенная одним лицом (представителем) от имени другого лица (представляемого) в силу полномочия...» деген сөйлемде «лицо» деген сөзді қазақ мәтінінде: «Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің)», яғни «лицо» деген сөзді «адам» деп аударған [3]. Негізі «лицо» деген орыс мәтіндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс. Сонда жоғарыдағы мәтін келесі түрде рәсімделеді: «Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің)» деп жазылса құқықтық қатынастағы субъектілер ауқымы шектеліп қалмайды. «Лицо» сөзін «адам» деп аударсақ азаматтық құқықтағы өзге де субъектілер бұл қатынастың қатысушылары бола алмайды, сол себепті «тұлға» дейтін болсақ оның құрамына жеке тұлғалар, яғни адам, сонымен қатар заңды тұлғалар, мемлекет кіреді. Бұның негізінде осы нормаларда анықталып отырған субъектілер қатары шектелмейді.

ҚР Азаматтық кодексінің 167-бабының 4-тармақшасына назар аударар болсақ, Азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі: «командованием соответствующих воинских частей» деген сөйлемді қазақ мәтінінде «әскери бөлімдердің командованияесі» деп қате аударған. Бұл жердегі орыс мәтіндегі «командованием» деген сөзді қазақ тіліне мүлдем аудармай кеткен [3]. Егер қазақ мәніндегі аудармасын өңдер болсақ, дұрысы: «әскери бөлімдердің қолбасшылығымен» деген сөзбен аударылуы тиісті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 173-бабында «Уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің басталуы» деген сөйлемінде орыс мәтіндегі «Начало срока, определяемого периодом времени» деген сөйлеміндегі «определяемого» деген сөзді «белгіленетін» деп аударған. Ал «белгіленетін» деген сөзді орыс тіліне аударар болсақ «установливаемое» деген сөз болып

аударылады. Сол себепті орыс мәтіндегі «определяемого» деген сөзді «анықталатын» деген сөзбен ауыстыру керек. Сонда жоғарыда көрсетілген 173-бап қазақ тілінде мынадай түрде жазылуы тиіс: «Уақыт кезеңімен анықталатын мерзімнің басталуы» [7; 132].

Азаматтық кодекстің «Меншік құқығы ұғымы және оның мазмұны» деп аталатын 188-бабының 1-тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық жүктемелерімен басқа адамға беріледі» деген сөйлеміндегі «жүктемелерімен» сөзі орыс мәтіндегі «обременениями» деген сөздің аудармасын береді. Негізінде бұл сөзді қазақшаға аударғанда «ауыртпалықтарымен» деген сөзбен аударылып, жоғарыдағы сөйлем дұрысында, яғни 188-баптың 1-тармақшасында «Меншік құқығы мәміле жасалған кезде болған барлық ауыртпалықтарымен басқа адамға беріледі», — деп көрсетілуі тиіс [7; 154].

Азаматтық кодекстің 286-бабында «Бірнеше несие беруші немесе бірнеше борышқор қатысатын міндеттеменің орындалуы» деген атауда көрсетілген «несие беруші» сөзі кодекстің әр шетінде әртүрлі сипатта көрініс табады, мысалы 286-бапта «несие беруші» деп көзделсе, «Жеке кәсіпкердің банкроттығы» деп аталатын 21-баптың 3-ші тармағында «кредитор» деп сипатталады, бұл соңы емес. Дәл осы кредитор сөзі Азаматтық кодекстің ішінде 46 рет кездеседі, ал «несие беруші» сөзі 221 рет жазылған. Егер заң шығару нормаларды қалыптастыру барысында бірізділік қағидасын ұстанбайтын болса, құқық қолдану тәжірибесіне өзінің кері ықпалын тигізери сөзсіз.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің «Мүлікті күтіп ұстау ауыртпалығы» деп аталатын 189-баптың 2-тармақшасында «Затты күтімсіз және заңсыз ұстаған адамға мүлікті күтіп ұстауға жұмсаған шығындары өтелмейді» деген сөйлемінде «күтімсіз» сөзін орыс мәтіндегі «недобросовестно» деген сөзінен аударған, ал «недобросовестно» деген орыс сөзін қазақшаға аударсақ «жосықсыз» деген сөзімен аударылған және ол Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңында «жосықсыз» деп рәсімделген [8].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 324-бабында кепілге салынған мүлікті күштеп алу салдары бабындағы «предмет» деген орыс мәтінінен тікелей сөз «нәрсе» деп аударылған. «Нәрсе» сөзін орыс тіліне аударғанда «вещь» немесе «что-то» деген аудармалар береді. Ал бұл аудармалар осы және кодекстің өзгеде жерлеріндегі қолданысына мүлдем келмейді. «Предмет» сөзінің ресми аударма сөздіктеріндегі сөзі «пәні» деп аударылады [5; 150]. Сол себепті азаматтық кодекстің орыс мәтіндегі «предмет» деген сөз ресми түрде «пәні» деп аударылуы тиіс.

Осы кодекстің «Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі» туралы 322-бабында орыс мәтіндегі «неустойка» деген сөз қазақ мәтінде «айыпақы» деген сөзімен аударылған. Орнына «тұрақсыздық айыбы» — деген сөзбен аударған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі «айыпақы» сөзін орыс тіліне аударса «штраф» деген мағына береді [9].

Сонымен қатар, Азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің өзіне несие беруші талаптар қойған жағдайдағы құқықтары мен міндеттері» деген 333-бабында «предъявлен иск» деген орыс мәтіндегі сөзі қазақ мәтінде «қуыным» деген сөзімен аударылған, оны «талап қою» деген сөзбен ауыстырсақ заң техникасы жағынан орынды есептейміз.

Азаматтық кодекстің тағы бір жазылған емле қатесі көптеген оқытушылармен заңгерлерді толғандырып жүргені өтірік емес, ол 516-бап «Қайырмалдық». Бұл баптың орыс тіліндегі баламасының орысша нұсқасын қарайтын болсақ, ол жерде «пожертвования» деп көрсетіледі. Бұл жердегі «пожертвования» деген сөздің қазақша аудармасы «қайырымдылық» деп аударылса, біздің кодексті аударған аудармашылар «қайырмалдық» деп жаңаша атау берген екен. Енді осы «қайырмалдық» сөзін зерттеп көрейік [3]. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» Заңының 1-бабының 4-тармағында «ерікті қайырмалдық» терминіне былай деп анықтама берген: «Пайдаланушыларға олардың ағымдағы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күнтізбелік жыл ішінде бір мәрте берілген, тұлғалардан түскен ақша, сондай-ақ өзге де мүлік» деп жазылған. Алайда дәл осы баптың 5-тармағында «қайырымдылық» терминіне анықтама былай деп берілген: «Қайырымдылық көмек көрсетуге және ізгілік қажеттіліктерді қанағаттандыруға негізделген, филантропиялық, демеушілік және меценаттық қызмет, сондай-ақ кіші отанға қолдау көрсету түрінде ерікті, өтеусіз не жеңілдікті шарттармен жүзеге асырылатын әлеуметтік пайдалы қызмет» деп анықталған [10]. Азаматтық кодекстің 516-бабына оралар болсақ, осы баптың 1-тармағында «Қайырмалдық азаматтарға, емдеу, тәрбие беру мекемелеріне, әлеуметтік қорғау мекемелеріне және басқа да сол сияқты мекемелерге, қайырымдылық, ғылыми және оқу мекемелеріне, қорларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет мекемелеріне, қоғамдық және діни бірлестіктерге, сондай-ақ мемлекетке және осы кодекстің 111 және 112-баптарында «аталған

азаматтық құқықтың басқа да субъектілеріне жасалуы мүмкін» делінген екі анықтамаға да көз жүгіртсек Азаматтық кодекстің 516-бабының анықтамасына Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» Заңының 1-бабының 5-тармағындағы анықтама сай келеді. «Қайырымдылық» пен «қайырмалдық» сөздерінің арасында мағыналық тұрғысынан айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, түсіністік тұрғысынан құлаққа жағымды «қайырымдылық» сөзінің қолданылуын дұрыс деп санаймыз.

566-баптағы «Лизинг нысанасы» деген атауға келер болсақ, осы баптың орысша нұсқасына назар салсақ «Предмет лизинга» деп көрсетілген. Тікелей аударар болсақ, «лизинг пәні» деген аударманы аламыз, сонымен қоса «нысана» сөзін аударсақ «цель» немесе «форма» деген сөздер шығады. Мағынасы тұрғысынан екеуі мүлдем сәйкес келмейді. Жалпақ тілге «нысанасы» сөзі мүлдем түсініксіз, осы «нысанасы» сөзін тек ерекше бөлімнің өзінде 17 баптан 77 рет байқауға болады екен. Атап айтсақ 566, 571, 631, 719, 720, 721, 722, 723, 730, 731, 732, 871, 1108, 916, 910, 1113, 1120 баптарында жазылған. Біз түсінбеген кодекстегі сөздердің бірі 697-баптың атауы «кіре ақысы». Кіре деген сөзді түсінбей орысша нұсқасына қарасақ, ол жерде «провозная плата» яғни тікелей аударсақ «тасымалдау ақысы» деген түсінікті атауды аламыз [8]. Осы баптың 1-тармағында кіре сөзіне емес, «тасымалдау» деген сөзге анықтама береді, ендеше өзіміздің тілімізді өзіміз түсінбейтіндей етіп неге мағынасы жоқ атауларды жазамыз...

Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мысалдар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексті қарастыру барысында өте көп кездеседі. Бұндай қате кемшіліктер орын алмау үшін заңды қалыптастыру барысында заң техникасын қолдану ерекшеліктерін қолдануды жүзеге асыру қажет. Заң әдебиеттерінде заңдық техниканы жан-жақты қолданудың бірнеше бағыттары көрсетіледі:

1) құқықшығармашылықты жүйелі, сауатты, мұқият қалыптастыруда заңдық техника ережелерін сақтай отырып, заңдық олқылықтардың орын алмауына мүмкіндік беру;

2) заңдық техника көмегімен құқықтық ережелердің мәні мен мазмұнын дұрыс түсініп, оларға сәйкес келетін, қайшы келмейтін заңға тәуелді актілер шығаруға, оларды заңдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, азаматтар мен заңды тұлғаларды құқықтық қорғау тетігін пайдалану үшін негіз ретінде қолдануды жүзеге асыру;

3) заңдық техника халықаралық деңгейде әртүрлі елдердің заңнамаларын жақындастыра отырып, бірізділік қағидасын ұстану арқылы, халықаралық құқықтық ақпарат алмасу құралы ретінде қолданылады;

4) заңдық техника құқық шығармашылық пен құқық қолдану негіздерін үйрету құралы ретінде қолданылады [11; 9]. Міне осы заң техникасына қатысты жағдайларды құқықшығармашылық тәжірибесінде жан-жақты қолдансақ, қабылданатын нормалардың сапасы артатындығы орынды болады.

Егемендігіміздің отыз жылында жеткен жетістігіміздің басты белгілерінің бірі болып қоғам арасындағы қатынастардың дұрыс реттелуі болып табылады. Бұл орайда заңның алатын орны аса маңызды. Ал заң қате қалыптастырылса, онда қандай құқықтық мемлекет құру туралы әңгіме көтерілуі мүмкін. Азаматтық қатынасқа түсуші тараптар арасындағы қатынастарды реттеуші заңдар сауатсыз қалыптастырылса, тұлғаның құқықтары қаншалықты толық қорғалады.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP09259787).

Әдебиеттер тізімі

1 Құрманбайұлы Ш. Заңдар неге қазақша жазылмайды? [Электрондық ресурс] / Ш. Құрманбайұлы // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/55686> 12.12.2019

2 «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуірдегі Заңы [Электрондық ресурс]. // Ақпараттық жүйелер. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

3 «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлімі. 1994 жылғы 27 желтоқсан № 268-ХІІІ; Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409–1 қабылданған [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409> <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>

4 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [Электрондық ресурс] / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. — 2017. — № 1 (46). — Б. 155–163. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf

5 Бектаев Қ. Үлкен қазақша-орысша орысша-қазақша сөздік. Большой казахско-русский, русско-казахский словарь. / Қ. Бектаев — Алматы, 1995. — 704 б.

6 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2021.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461_

7 Заң терминдерінің сөздігі = Словарь терминов законодательства / Құраст. С.Ш. Оразалинов, М. Айымбетов, Б. Бодаубай, Ө. Ақыпбекұлы. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 832 б.

8 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2021.06.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530#activate_doc=2

9 Сапарғалиев Г.С. Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий [Электронный ресурс] / Г.С. Сапарғалиев // Ақпараттық жүйелер. — Режим доступа: <http://online.zakon.kz/30355569>

10 «Қайырымдылық туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. // Ақпараттық жүйелер — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402>

11 Апт Л.Ф. Законодательная техника / Л.Ф. Апт, Н.А. Власенко, В.В. Исаков, С.В. Кузнецов и др. / под ред. Ю.А. Тихомирова. — М.: Городец, 2000. — 272 с.

Р.А. Тоқатов, М.Т. Акимжанова

О точности текстов Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть) на казахском и русском языках

Статья посвящена исследованию проблем, связанных с юридической техникой, в отношении качества переводов законодательных актов на государственный язык. Проведен анализ теоретических положений законодательной техники и текстов гражданского законодательства на государственном языке и на этом основании выявлены ошибки в переводе норм права, обобщены проблемы некачественного перевода текста законодательных актов на казахском языке, сделаны выводы по совершенствованию юридической техники при разработке законодательных актов на государственном языке. В ходе исследования выявлены реальные пробелы и противоречия в сфере гражданского законодательства, описаны случаи неправильного применения правил юридической техники. В целях повышения престижа казахского языка в законотворческой практике в государственных организациях и органах местного самоуправления авторами предложено было исключить положение о том, что русский язык официально используется наравне с казахским, а также введение унифицированного юридического терминологического словаря, содержащего упорядоченные общепринятые, единообразные и надлежаще оформленные юридические термины. Путем анализа существующих теоретических взглядов и высказанных авторами замечаний варианты правильного перевода норм права на казахский язык и пути совершенствования юридической техники по переводу текста нормативных правовых актов на казахский язык. Результаты исследования являются новыми и оригинальными, авторская позиция обоснована и представляет интерес для работников, деятельность которых связана с проведением лингвистической экспертизы законопроектов на государственном языке.

Ключевые слова: юридическая техника, гражданское законодательство, гражданское право, противоречие, система права, верховенство закона, казахский язык, Гражданский кодекс, действующее право, словарь, последовательность.

R.A. Tokatov, M.T. Akimzhanova

On the accuracy of the texts of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan (General part) in the Kazakh and Russian languages

The article is devoted to the study of the problems associated with legal technology in relation to the quality of translations of legislative acts into the state language. The authors analyze the theoretical provisions of legislative techniques and texts of civil legislation in the state language. On this basis, errors in the translation of legal norms are identified, the problems of poor-quality translation of the text of legislative acts in the Kazakh language are generalized, conclusions are drawn on the improvement of legal technology in the development of legislative acts in the state language. The study identified real gaps and contradictions in the field of the civil legislation, described cases of incorrect application of the rules of legal technique. In order to increase the prestige of the Kazakh language in lawmaking practice in the state organizations and local self-

government bodies, the authors propose to exclude the provision that the Russian language is officially used on an equal basis with the Kazakh language. They also propose the introduction of a unified legal terminological dictionary containing ordered, generally accepted, uniform and properly formalized legal terms. The authors, by analyzing the existing theoretical views and the comments made, offer options for the correct translation of the norms of law into the Kazakh language and ways to improve the legal technique for translating the text of regulatory legal acts into the Kazakh language. The research results are new and original, the author's position is justified and is of interest to employees whose activities are related to the linguistic examination of draft laws in the state language.

Keywords legal technique, civil legislation, civil law, contradiction, legal system, rule of law, Kazakh language, Civil Code, current law, dictionary, sequence.

References

- 1 Qurmanbaiuly, Sh. Zandar nege qazaqsha zhazyлмаidy? [Why laws are not written in Kazakh?]. *anatılı.kazgazeta.kz* Retrieved from <http://anatılı.kazgazeta.kz/news/55686> 12.12.2019 [in Kazakh].
- 2 «Quqyqytq aktiler turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2016 zhyldyn 6 sauirdegi Zany [«On legal acts» The Law of the Republic of Kazakhstan dated April 6, 2016 No. 480-V LRK]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyq kodeksi. Zhalpy bolimi. 1994 zhylygy 27 zheltoqsan No. 268-XIII; Erekshe bolimi 1999 zhylygy 1 shildedeги No 409–1 qabyldangan [Civil Code of the Republic of Kazakhstan. Enforced by the Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 1994. Civil Code of the Republic of Kazakhstan (Special part) Code of the Republic of Kazakhstan No 409 dated July 1, 1999]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_ [in Kazakh].
- 4 Ilyassova, G.A. (2017). Zannamalyq aktilderin matinin memlekettik tilge audaruga bailanysty ozekti maseleler [The urgent problems connected with the translation of the text of acts to the state language]. *Qazaqstan Respublikasy Zannama institutynyn zharshysy — Bulletin of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan. 1 (46), 155–163. ız.adilet.gov.kz*. Retrieved from http://www.ız.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/na_sayt_vestnik_no_146-1017.pdf [in Kazakh].
- 5 Bektaev, Q. (1995). *Ülken qazaqsha-oryssha oryssha-qazaqsha sozdik. Bolshoi kazakhsko-russkii, russko-kazakhskii slovar [Comprehensive Kazakh-Russian Russian-Kazakh dictionary]*. Almaty [in Kazakh].
- 6 «Bagaly qagazdar rynogy turaly» 2003 zhylygy 2 shildedeги No. 461-II Qazaqstan Respublikasynyn Zany (2021.01.07. berilgen özgerister men tolyqtyrularmen) [On securities market. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 2 July 2003 No. 461]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000461_ [in Kazakh].
- 7 Orazalınov, S., Aiymbetov, M., Badaubai, B., & Aqypbeküly, Ö. (Eds.). (2007). *Zan terminderinin sozdigi = Slovar terminov zakonodatelstva [Dictionary of legal terms]*. Almaty: Zheti zharғы [in Kazakh].
- 8 Qazaqstan Respublikasynyn Kasipkerlik kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 29 qazandaғы № 375-V Kodeksi (2021.06.07. berilgen özgerister men tolyqtyrularmen) [Entrepreneur Code of the Republic of Kazakhstan. The Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015 No. 375-V ZRK]. *online.zakon.kz*. Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39147530#activate_doc=2 [in Kazakh].
- 9 Sapargaliev, G.S. Russko-kazakhskii slovar yuridicheskikh terminov i poniatii [Russian-Kazakh dictionary of legal terms and concepts]. *online.zakon.kz*. Retrieved from <http://online.zakon.kz/30355569> [in Russian].
- 10 Qaiyrymdylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 16 qarashadaғы Zany [About charity. Law of the Republic of Kazakhstan dated November 16, 2015 № 402-V SAM]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000402> [in Kazakh].
- 11 Apt, L.F., Vlasenko, N.A., Isakov, V.B., & Kuznecov, S.V. et al. (2000). *Zakonodatelnaiia tekhnika [Legislative technique]* Yu.A. Tikhomirov (Ed.). Moscow: Gorodets [in Russian].